



САБАҚ ЖОСПАРЫ


Пән	Дүниетану
Мұғалім	Аманжолова Жадыра
Мектеп, сынып	Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты, 4-сынып
Сабақ тақырыбы	Су қоймасы өсімдіктері мен жануарлары



www.bilimland.kz

Сабақтың мақсаты	<p>«Су қоймасы» деген ұғымның мағынасын түсіндіру арқылы еліміздегі көлдер, өзендер, тоғандар туралы білімді еске түсіру. Су ішіндегі тіршілік жағдайлары, өсімдіктері, жануарларының алуан түрлілігі туралы білімдерін кеңейту; Оқушының сөздік қорын молайту, оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, тіл байлығын молайтып, ойлау, көру, қабылдау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Бойларына жақсы қасиеттерді жинай білуге, жақсы мен жаман әдет қылықтарды ажырата білуге, жауапкершілік сезімі бар жеке тұлғаны тәрбиелеу.</p>
Сілтеме	<p>Оқулық «Дүниетану» 4-сынып, мазмұнды суреттер, слайд, «Су қоймасы өсімдіктері мен жануарлары» бейнекөрсетілімі.</p> <div style="text-align: center;">   </div> <p>http://imektep.kz/su-koymasi-osimdikteri-men-zhanuarlari, http://bilimland.kz/kk/#lesson=14746.</p>
Сабақтың әдіс-тәсілдері	Интерактивті оқыту әдісі, көңілді қалпақ, сұрақ-жауап, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, диалогтік оқыту, жеке, жұптық, топтық жұмыс.
Сабақтың түрі	Жаңа тақырыпты меңгерту сабағы.
Тапсырмалар	Кеңейтілген: А, Б, С деңгейлік тапсырмалары, iMektep.kz ресурсы тапсырмалары.
Күтілетін нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушыларда су қоймасы өсімдіктері мен жануарларының жеке түрлері туралы түсінік қалыптасады; - Топпен жұмыс істеуге дағдыланады; - Сабаққа қызығушылықтары артады; - Сын тұрғысынан ойлауға дағдыланады.

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру	Оқушылар шеңберге жиналып, бір-біріне тілектерін айтады. Өзендердің сурету арқылы топқа бөлінеді. Жауап берген оқушыларға геометриялық фигуралы фишкалар беріледі.	Оқушылар топқа бөлініп, топ басшысын тағайындайды.
Үй тапсырмасын тексеру «Көңілді қалпақ» ойыны	«Көңілді қалпақ» ойыны арқылы үй тапсырмасын пысықтау. - Шағын ормандар еліміздің қай өңірлерін алып жатыр? - Орман мен тоғайдың айырмашылығы қандай? - Жарық жақсы түсетін, топырағы құнарлы, ылғалы мол орман ішінде қандай өсімдіктер өседі? - «Қызыл кітапқа» неген қандай гүл? - Қайың жапырағының адам денсаулығына қандай пайдасы бар? - Орман-тоғай жануарлары неге алуан түрлі? - Орман құстарын ата.	Қалпақ киген оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, орман-тоғай туралы білгендерін айтады, бір-бірін толықтырады.
Қызығушылықты ояту Аудио дыбыс Ой қозғау Мағынаны тану Фильмдерін көру	Жұмбақ жасыру Аяғы жоқ, қолы жоқ, Бірақ тыныш тұрмайды. Сақтамасаң қорын тек. Барша тірлік құрайды. (Су) Оқушыларға судың дыбысын тыңдату. 3 топ су қойма сөзіне ассоциация құрады. Постер арқылы қорғайды.  мұхиттар, көлдер, теңіздер, тоғандар, өзендер, жылғалар, құдықтар, бұлақтар Су туралы, ондағы өсімдіктер мен жануарлар туралы не білесіңдер? Өздерінің көргендері туралы әңгімелету. «Су қоймасы өсімдіктері мен жануарлары» бейнекөрсетілімін көрсету арқылы су қоймасының өсімдіктері мен жануарлары туралы түсінік беріледі http://imektep.kz/su-koymasi-osimdikteri-men-zhanuarlari	Оқушылар берілген жұмбақтың шешуін таба отырып, бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтайды. Сұрақтарға жауап береді. Бейнекөрсетілімді тамашалайды.


Оқулықпен жұмыс

Картамен жұмыс

Су қоймасындағы балықтар мен бақалар туралы түсініктер беріледі.

<http://bilimland.kz/kk/#lesson=14746>

Картадан Қазақстандағы өзендерді тауып көрсету. Көлдерді табу.



Оқулықпен жұмыс жүргізеді.

Презентациямен жұмыс

Су қоймаларын презентациядан көрсетіп мағлұмат беру.

Ертіс өзенінде «Бұқтырма» су қоймасы

Іле өзенінде «Қапшағай» су қоймасы

Сырдария өзенінде «Шардара»

Шу өзенінде «Тасөткел» су қоймасы


Ойын ресурстарын пайдалану. «Бос орынды толықтыру» ойыны арқылы білімдерін пысықтайды.

Топтық жұмыс:

http://bilimland.kz/kk/content/lesson/14746-su_qojmasy_osimdikteri_men_zhanuarlary

Ойын ресурстары

«Ертіс» тобы:







3-топ бөліп оқып, әр топ мазмұнын айтады. Өздеріне берілген бөлік бойынша топ болып, түсінгендерін толықтырып қорғап шығады.

Ойын шарты. Сөйлемдердегі бос орындарға төмендегі сөздердің тиістісін қой.

«Есіл» тобы:

Топтық жұмыс. Өр топқа қағазға шығарылған тапсырмаларды орындайды.

	 <p>«Нұра» тобы:</p> 	
<p>Бекіту. Бейнекөрсетілімнен қайталау бөлімін тамашалау. «Дұрыс -Бұрыс» ойыны</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Суқоймасы деген өзен, көл, тоғанның жалпылама атауы. 2. Су қоймасында бүркіт, қаршыға, лашын сияқты құстар мекендейді. 3. Су қоймасындағы құстар балықтармен, жәндіктермен, өсімдіктермен қоректенеді. 4. Су қоймасы өсімдіктерінің тамыры болмайды. 5. Су қоймасында сазқұндыз, құндыз, көмшат, ондатр сияқты жануарлар мекендейді. 	<p>«Дұрыс-Бұрыс» сұрағына жауап беру.</p>
<p>Қорытынды</p>	<p>– Біз бүгін не білдік?</p>	<p>Оқушылар өз ойларын айтады.</p>
<p>Бағалау</p>	<p>Геометриялық фигуралар арқылы бағалау.</p> 	
<p>Рефлексия</p>	<p>«Күншуақ».</p> 	<p>Оқушылар алдарында жатқан стикерлерді барлығын түсінсе күнге, жартылай түсінсе – күн мен бұлтқа, ештеңе түсінбесе –</p>

		бұлттың астына жабыстырады
Үй тапсырмасы	73-76 бет тапсырмаларды оқу, мазмұндау.	Күнделіктеріне түртіп алады.